

Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

**Мектеп кітапханасының
2021- 2022 оқу жылы бойынша
жылдық есебі**

Егіндікөл

Егіндікөл ауылының № 1 ЖОББМ
2021- 2022 оқу жылында өткізілген іс-шаралары туралы
Есеп

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЕСЕБІ
2021— 2022 оқу жылына қойылған, мақсаты : Мектеп кітапханасы өз заманының даму деңгейінде болып , мектептің өркендеуімен қалыптасуы , оның балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мен оқытуда үлкен көмек көрсетуі. Жасөспірімдермен жұмыс жасай отырып , білімнің кітап арқылы берілетінін ,адам өміріндегі маңызы ,ғылым мен білімнің пайдасын тусіндіру, кітапханаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру, оларды кітаптармен жұмыс жасай білуге үйрету , кітапхананың стратегиялық жоспарын жасау және жүзеге асыру.
Міндеттері:

- 1.Кітапханаға оқырмандарды үнемі тартып отыруы,кітапқа деген қызығушылығын арттыру, білімге құштарлығын ояту.
 2. Әдістемелік бірлестікпен бірлесе оқу бағдарламасына сәйкес кітаптарға тапсырыс беру.
 - 3.Бастауыш сынып оқушыларының кітап оқу барысын жүйелендіру,оқулықтарды күтіп ұстап құрметтей білуге үйрету,кітапқа деген қызығушылығын арттыру ,кітаппен достастыру.
 4. Әдеби кітапты жарнамалау.
 - 5.Кітап оқуды насихаттау ,дамыту.
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мектеп кітапханалары жүйесін жетілдіру бойынша жаһандық ғаламтанудың кеңеюі,ақпараттық технологиялардың өріс алуы ,білім беру нәтижесіне халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты Президентіміз білім беру жүйесінің қарқынды дамуына ,ертеңгі болашағына тұғыр боларлық міндет жүктеді. Жас ұрпақты білімді ,саналы, рухани сусындаған жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу – бүгінгі заманда мамандардың алдына қойған басты міндет болса,рухани тәрбиенің көзі –мектептегі шағын кітапхана. Кітапхана жұмысын сапалы жүргізу үшін оқырмандармен жүйелі жұмыс жасап, балалар мен оқырмандар арасында кітапханалық –библиографиялық білімдерін көтеру мақсатында бастауыш сыныптардың кітап оқуын жүйелендіруде кітап қазына әлеміне мектеп оқушыларының назарын баса аудару және апталық аясында түрлі кітапханалық тәрбиелік шаралар өткізілді. (дауыстап оқулар, кітап көрмелеріне шолулар, рейд өткізу, сыныптардың қабырға газеттерін, кітапшалар шығаруы т.б). Оқушыларды мазмұны мен жасалуына қарай әр түрлі кітаптардың түрлерімен таныстырып,кітапты көп оқуға , құрметтеуге және кітаптан алған білімдерін іске асыруға баулуда шаралар ұйымдастырылды. 3-ші сыныптар арасында "Кітаптың құрылысы"туралы кітапханалық сабақ өткізілді. "Қазақстандағы кітап және кітапхана тарихы"5-сыныптарда, "Сенің газетің" 6-сыныптарда,"Кітапты қалай жасайды" 3-4 сыныптарда өткізілді. Оқырмандардың таным көкжиегін кеңейтіп, рухани өсуіне ықпал ететін

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жаспарға сай іс-шаралар жалғасын табуда. Оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуде Тәуелсіздік атты киелі ұғымды оқушылар бойына сіңіру мақсатында “Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы ” атты шара 5-9 сыныптар арасында жүргізілді..Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру мақсатында "Біздің құқығымыз бен міндеттеріміз"атты кітапханалық сабақ 7 сыныбымен өткізілді. Балалардың құқығы мен конвенциясы жайлы кеңінен түсінік берілді. Тілім менің тіршілігім, тынысым”, “Білім саласындағы инновациялар”, “Болашақ ұстаз қолында” атты кітап көрмелері ұсынылды. Оқушы бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда мектеп кітапханасының өзіндік орны бар. Білім алушылардың оқу мәдениетінің деңгейін, оқу белсенділігінің өсуін арттыру мақсатында 2020-2025 жылдар аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асады. Бұл жоба негізінде оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарын ояту мақсатында мектеп кітапханасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Сыныптар бойынша оқылған көркем шығармалар бойынша google forms, kahoot.it, quizizz бағдарламаларымен тест алынып отырады. Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру мақсатында «Үздік оқырман бенефисі», қазақ ертегілері бойынша мейкерспейс, кітап буктрейлері өткізіледі. Мектеп оқушылары қала көлемінде өткізіліп жатқан сайыстарға қатысып отырады.

Жыл сайын мектепте «Мектепке кітап сыйла», «Буккроссинг» акциялары өткізіліп отырады.Сонымен қатар мектебімізде әр дүйсенбі «Кітап оқу» күні қалыптасқан. Мектеп оқушылары жаңа келіп түскен кітаптар көрмесі, мерейтойлық көрмелер, атаулы күндерге арналған көрмелермен танысып отырады.

Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру мақсатында ата-аналар оқуы, «20 минуттық оқу» жүзеге асырылуда. Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауы негізінде ұйымдастырылып отырған «Ел болашағы - білімді ұрпақ» қалалық байқауына 1 жанұя қатысып жүлделі орынға ие болды.

“Оқуға құштар мектеп,оқуға құштар ұлт” жобасы бойынша “Кітапханаға кітап сыйла” акциясы жалғасын тапты.. Осы жоба аясында “Оқы және өзгеге ұсын “тақырыбында мектебіміздің кітапханасында буккроссинг ұйымдастырылды.Жоба бойынша келіп түскен кітаптарға презентация ұсынылды.Биылғы жыл- еліміздің Тәуелсіздік алған 30 жылдық мерейтойы. Осы орайда мектебімізде, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына- «Мен Тәуелсіздіктің құрдасымын» атты ата-аналар арасында челленджшарасы жалғасын тапты. Себебі, Тәуелсіздік дегеніміз бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең, тәуелсіздік дегеніміз таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіреттілік деп білеміз. Мақсатымыз: халық әдебиетін насихаттау,мәдени және рухани мұраны сақтау,оқушыларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру,ана тілін құрметтеу..

“Кітапханаға кітап сыйла” акциясы қайырымдылық іс-шара болып табылады. Ұстаздар қауымы,1-7 сыныптар белсенділік танытып мектебімізге биылғы

оқу жылында 50 ге тарта кітап сыйлады. Сыйға тарту игі іске жатады, кітапты сыйлаған адамдар олардың кітаптары өз оқырманын табады деген сеніммен қарайды. Себебі,кітап сыйлау –жақсы дәстүр,кітап ізгілік пен рухани айнасы деп білеміз. Тарту етілген кітаптар жас ұрпақтың пайдасына жарап,мол азық боларына сеніміміз зор. Осы жобаны насихаттауда мектеп кітапханасында бастауыш сыныптарымен “Қазақ ертегілері” атты кітапханалық іс –шара өткізілді. Балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты мекені –отбасы. Баланың кітап оқуға деген көзқарасы ересектерден алған үлгіге байланысты. Себебі,отбасын кітап даналығы нығайтады. Осы орайда, бастауыш және орта буын сыныптар арасында “Отбасымен бірге оқимыз атты” оқыған кітаптары бойынша сурақ жауап алынып уздік оқырман отбасы анықталып нәтижесі мектебіміздің парақшасында жарияланды. Асқар таудай әкесі,аяулы анасы,білімге ұмтылған баласы бірігіп кітап оқығандары қандай керемет! Отбасы тәрбиесінде ата ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру ,тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін,мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты арттыру басты мақсатым болды.Сол сияқты, отбасы құндылықтарын дәріптеу,жас ұрпақтың бойына отбасына деген сүйіспеншілік тудыру мақсатында кітапханамызда «Отбасы бақыт аясы» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің жаңашылдығы,ерекшелігі идеясы ,сол,оқушыларға кітап көрмесі арқылы отбасын сыйлауға, үлкенге ізет,кішіге құрмет көрсетуге баулу.Мектеп кітапханасында жұмыс атқарып жүрген біздің мақсатымыз-оқырман көңілінен шығу ,олардың талаптарын қанағаттандыру, кітап қорын сақтап молайту,жас ұрпақтың бойына кітапқұмарлықты,кітап оқуға қызығушылықты қалыптастыру.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: «Ақбілек» Ж. Аймауытовтың романы идеясы туралы әңгімелеу.

Күні: қазан 2021ж.

Мақсаты: Ал "Ақбілек" романында Жүсіпбек феодалдық-патриархалдық құрылыстың қатал заңы мен тәртібін бұзып-жарып шығып, бақытын қажыр-қайратымен, білімімен тапқан жаңа заман әйелінің бейнесін жасаған. Ақбілектің жеңісі де еңбекші бұқараның таптық күресте қанын төгіп жеңіп алған жеңісімен орайлас жатқаны туралы әңгімелесу

Қатысқан: 10 сынып оқушылары. Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Ж.Аймауытовтың қазақ әдебиетіндегі салмақты орны оның "Қартқожа", "Ақбілек" романдары мен "Күнікейдің жазығы" повесінен айқын байқалады. А.Пушкин, Л.Толстой, Н.Гоголь, М.Горький прозаларын аударып, олардың классикалық үлгісін бойына сіңірген Жүсіпбекке қазақ тұрмыс-тіршілігінде дәл сондай игерілмей, кенжелеп жатқан мәселелерді жазуға үлгі нұсқа болады. Бұрынырақ жарық көрген М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамал", С.Көбеевтің "Қалың мал", Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романдарының жазылу стилі, тақырыпты игерудегі стандартты күйі, кейіпкерлердің автор қаузауымен қимыл-әрекет жасайтын жасанды-жамаулы жайлары, т.б. Жүсіпбекке жоғары мәдениетті, философиялық астары терең, қоғамдық-әлеуметтік санаға лайық дүниетанымы бар күрескерлер образын жасау қажеттілігі ниетін оятады.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: Ертегі әлеміне саяхат

Күні: қазан 2021 ж.

Мақсаты: Оқушылардың халық ауыз әдебиеті, оның ішінде ертегілер туралы білімдерін тереңдету; ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге, сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыра түсу. Оқушылардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуге тәрбиелеу.

Қатысқан: 3-4 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Ер Төстік ертегісі дауыстап оқылды.

Ертегілер мынандай жанрларға бөлінеді:

1. Қиял-ғажайып;
2. Хайуанаттар туралы;
3. Шыншыл ертегі;
4. Тұрмыс-салт ертегілері.

Қиял-ғажайып ертегілерде жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан-алуан ерлік оқиғалар баяндалады.

Олар жеті басты жыланмен, жалғыз көзді дәумен, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, небір құбыжықтармен күрес үстінде бар асыл қасиеттерімен көрінеді. Олар көкке ұшады, жер астына түседі, теңіздерден өтеді, азабы мол қиын-қыстау оқиғаларда ақыл, айла-тәсілін асырып, жеңіп шығады. Бұл ертегілерді оқи отырып жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге тырысады. Мысалы: «Алтын сақа», «Ер Төстік», «Алтын балық» т. б.

Ата-бабамыз төрт түлік малды қадірлеп, пір тұтқан. Балаларға ең жақын ертегілерхайуанаттар туралы ертегілер. Хайуанаттар туралы ертегілердің кейіпкерлері аң, құс, үй жануарлары болады.

Алайда олар адамға тән қасиеттер, әрекеттер иесі болып суреттеледі де сол арқылы сұм-қиянатшыл, арамза, қу мінез қылықтар әшкереленеді, еңбексүйгіштігі, батылдығы, адалдығы суреттеледі.

Шыншыл ертегілерде халық өмірін, тұрмысын шындық тұрғыдан бейнелейді. Атқамінерлердің іс-әрекеттерін әшкерелейді.

Ертегілердің тілі көркем, қарапайым, түсінікті жеңіл келеді. Сендер құрметті жас достар, ертегінің осылай тілі арқылы халықтың өз өмірлерін жақсарту жолындағы арман-тілектерін, тамаша қиялдарын біліммен қоса өздерінде солай қиялдауға, армандауға үйренесіңдер.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: COVID- 19, тоқта!

Күні: қараша 2021 ж.

Мақсаты: жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті санитарлық- гигиеналық іс – шарларды, шектеу шараларын қатан сақтаған жөн екенін ұғындыру.

Қатысқан: 8-10 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Презнетацияны көншілікке көрсету.

Коронавирус (КoB) — адамдарда осы уақытқа дейін анықталмаған коронавирустың жаңа штаммы. COVID-2019 деген атауға ие болған жаңа

коронавирус 2019 жылдың желтоқсан айында Қытайдың Ухань қаласында аурудың таралуы барысында анықталды.....

Өткізген сі – шараның тақырыбы: « Экология - ел амандығы" (қатты тұрмыстық қалдықтар туралы әңгімелеу)

Күні: қараша 2021 ж.

Мақсаты: Қазіргі әлемде ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, халық санының артуы, қоршаған ортаның зиянды заттармен ластануы табиғатқа үлкен қауіп төндіруде, осы орайда жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру-бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі; оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, оны қорғауға, аялауға деген көзқарасын қалыптастыру.

Қатысқан: 9-11 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Қатты тұрмыстық қалдықтар - бұл тауарлар мен заттарды тұтыну (қоса алғанда, олардың фрагменттері) жойған, өздерінің бастапқы қасиеттері мен выброшены олардың иесі. Сонымен қатар, қатты өнеркәсіптік қалдықтарды, олар үлкен қауіп-қатер қоршаған орта және өңдеу жатады.

Тұрмыстық қоқыс ғана емес, экологиялық жағдайды нашарлатады, бірақ көзі болып табылады қосымша байланысты шығындар, оны жинаумен және кәдеге жаратумен. Өсу шамасына қарай қалалар бұл шығындар ұлғаюда. Проблемаларды шешу үшін ТҚҚ-мен әлемдегі әзірленді әртүрлі технологияларын, оларды қайта өңдеу. Анағұрлым экологиялық қауіпсіз және дамыған технологиялық тұрғыдан шешімімен болып табылады бөлу, қатты тұрмыстық қалдықтарды және оларды әрі қарай пайдалану қайталама шикізат ретінде.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: Мұхтар Әуезовке – 125 жыл. «М.Әуезов – қазақ әдебиетінің тарланы»

Күні: қантар 2022 ж.

Мақсаты: Білімділік: Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу.

Дамытушылық: Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүиесін байыту. Ойын ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиелік: Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: М.Әуезов портреті, кітаптар көрмесі, азаматтық шығармашылығына байланысты презентациялық слайдтар.

Қатысқан: 7 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Әдебиомонтаж:

1-оқушы: Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы жерінде 1897 жылы жиырма сегізінші қыркүйекте туған. Алғашқыда 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан кейін орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы Семей қалалық бес

кластық орыс қазына училищесіне оқуға түсіп, соңғы класында оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады.

2-оқушы: Училищені 1915 жылы аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарады. (Мұхтар Омарханұлы Әуезов құрметіне шығарылған марка)

3-оқушы: Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады. Әуезов драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Әуезов кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л. Соболев («Абай»), С. Мұқанов («Ақан - Зайра»), Ғ. Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ә. Тәжібаев («Ақ қайың»), Ә. Әбішев («Намыс гвардиясы»), «Октябрь үшін» (1933) пьесасының материалдары - Жетісу қазақтарының революцияға келуі. Кейіпкерлері - Д. Фурманов, Ж. Бәрібаев. Кітаптың мұқабасында «Мұны жазуға Қ.Байсейітов, Бековтар қатысты» деген сөздер бар. Әуезовті әдебиетке «Еңлік - Кебек» алып келді. Шығарма өзегі - эпостық материал. Әлемдік әдебиеттегі мұндай тәжірибе енімді дәстүрлердің бірі. Әуезовтің «Еңлік - Кебекі» 1922 жылы Орынборда басылды. Кейіпкерлері сахна тілімен сөйлейді. Автор өзінен бұрынғы мотивтерден алыс кетпеген. Билер сахнасы - көркемдік тамаша табыс. Кемшілік, олқылықтарды ескеріп, Әуезов пьесаны 1943 жылы қайта жазды. Бірнеше көрініс қысқарды. Аса терең, мәнді шығарманың бірі - «Түнгі сарын». Бұл - қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды.

4-оқушы: Ол 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. 1961 жылы қайтыс болғаннан кейін Республика Үкіметі қаулы қабылдап, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтың аты беріледі, әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М.Әуезов атымен аталды.

5-оқушы: «Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтың «Абай жолы роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: Жырлайды жүрек. М. Мақатаевты оқимыз.

Күні: қантар 2022 ж.

Мақсаты: ілімділік: Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, ақынның өлеңдеріне арнап салынған қылқалам туындыларымен таныстыру.

тәрбиелік: Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

дамытушылық: оқушының сөйлеу мәдениетін дамыту

Көрнекілік құралдар: ақын портреті, слайдтар, кітап көрмесі, ақын туралы жазылған пікірлер.

Қатысқан: 7-8 сынып оқушылары

Өткізген іс – шараға қысқаша шолу: Мұқағали Мақатаев Алматы облысы, Райымбек ауданында, Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Мұқағалидің азан шақырып қойған толық аты – Мұхаметқали. «Пайғамбардың атын түгел айту балаға ауыр болады», - деп еркелетіп, қысқартып Мұқағали атап кеткен. Ақын 10 жасынан бастап өлең жаза бастайды. (Слайд көрсетіліп жатады)

Мұқағали өлең жазумен бірге шахматты, аңға шығуды, балық аулауды өте жақсы көрген.

Мұқағали 1949 жылдың көктем айында жары Лашынмен отау құрады. Ақынның Алмагүл,

Шолпан, Ләззат атты қыздары, Жұлдыз, Айбар деген ұлдары бар. Майгүл атты қызы 10

жасында көлік апатынан қайтыс болған. Қазіргі таңда ақынның төрт немересі бар. Ақынның аз ғұмырында артына қалдырған жалынды жырлары, оқырманын тәнті еткен «Ильич», «Ақ қайың әні», «Ару-ана», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Қырандастар», Чили-шуағым менің», «Шекарада», «Большевиктер», «Өмірдастан», «Арман», «Шолпан», «Досыма хат», «Отаным, саған айтам», «Райымбек! Райымбек!», «Қашқын», «Моцарт. Жан азасы» атты поэма-толғаулары бар. Ақынның өлеңдеріне ән жазылып, қазіргі эстрадада қалықтаған ән жұртының жүрегін жаулап алуған.

Өткізген сі – шараның тақырыбы: «Қазақ дастарқаны» атты кітапқа шолу

Күні: наурыз 2022 ж.

Мақсаты: -қазақтың дастарқаны тақырыбына байланысты қосымша мәлімет алу;

Қатысқан: 1-11 сынып оқушылары

- **Өткізген іс – шараға қысқаша шолу:** Кітапқа шолу жасай отырып, ұлттық тағамдармен таныстыру. Нан - дастарханның көркі. Ауылдағы той дастарқанының сәні- бауырсақ. Бауырсақты ауылда әжелер мен апалар қара қазанға пісіреді. Қазан маңында бауырсақ жеп жүрген балалар ерекше көңілді. Балалардың көңілді, әрі қуанышты өмір сүруі үшін дастарқанға келетін бір түйір нанға қаншама адамның маңдай тері сіңеді. Енді соған тереңірек тоқталайық.....

Мектеп кітапханашысы: Калиева М.С.